



# Ембі ТЫНЫСЫ

№7 (150)  
ШІЛДЕ  
2026 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

## ҚҰТТЫҚТАУ



## ҚҰРМЕТТІ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН АРДАГЕРЛЕРІ!

**Сіздерді кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтаймыз!**

Құрылысшы – жасампаздық пен еңбекқорлықтың символы. Сіздердің маңдай термен атқарған еңбектеріңіздің нәтижесінде жаңа өндірістік нысандар салынып, инфрақұрылым дамып, ел экономикасының өркендеуіне жол ашылуда. Әрбір тұрғызылған ғимарат пен өндірістік кешеннің артында құрылысшылардың кәсібилігі, жауапкершілігі мен табанды еңбегі жатыр.

Мұнай-газ саласында құрылыс жұмыстарының маңызы ерекше. Өндірістік және әлеуметтік нысандарды салу, қайта жаңғырту және күрделі жөндеу арқылы сіздер кәсіпорынның тұрақты дамуына, еңбек жағдайының жақсаруына және өндірістік қауіпсіздіктің нығаюына елеулі үлес қосып келесіздер. Бүгінде «Ембімұнайгаз» АҚ жүзеге асырып жатқан көптеген жобалардың табысты орындалуы – құрылыс саласы мамандарының жоғары біліктілігі мен адал еңбегінің нәтижесі.

Сіздердің еңбектеріңіз – компанияның ғана емес, тұтас өңірдің дамуына қосылған маңызды үлес. Қандай нысан болмасын оның сапасы мен беріктігі құрылысшының кәсіби шеберлігіне байланысты. Сондықтан да, қоғам әрқашан сіздердің еңбектеріңізді жоғары бағалайды.

Осы мерекелі күні баршаңызға мықты денсаулық, отбасы бақыты мен амандығын, еңбектеріңізге толағай табыс, жаңа бастамалар мен жарқын жетістіктер тілейміз. Әрбір қолға алған жобаларыңыз сәтті жүзеге асып, салған нысандарыңыз ел игілігіне ұзақ жылдар қызмет ете берсін! Еңбектеріңіз әрдайым абырой мен құрметке бөлене берсін!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

## ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУ

## НӘТИЖЕ және ЖОСПАР



«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Измұханбет Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орнындағы газды кешенді дайындау қондырғысын (жылдық қуаты – 80 млн текше метр) іске қосу-баптау іс-шараларымен танысты. Компанияның маңызды инвестжобаларының бірі саналатын жаңа жоба ішкі нарыққа қосымша тауарлық және сұйытылған көмірсутек газын тұрақты жеткізуге мүмкіндік беріп, кен орнындағы мұнай өндіру көлемін жылына 20 мың тоннадан 110 мың тоннаға дейін арттыруды қамтамасыз етеді.

Жұмыс сапары барысында ЕМГ басшысы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ еңбек ұжымымен кездесіп, биылғы жарты жылдың қорытындылары мен маңызды міндеттерге тоқталды. 2026 жылдың қаңтарынан маусымына дейін ЕМГ бойынша мұнай мен конденсаттың жалпы өндірісі шамамен 1,5 миллион тоннаны құрады. Өндіріс деңгейін ұстап тұру үшін тиімділігі дәлелденген бірқатар геологиялық-техникалық іс-шаралар жүзеге асырылуда: тік және көлденең бұрғылау, бүйірлік оқпандарды бұрғылау және басқа да технологиялар.

Р.Измұханбет мұнай мен газ өндіру тиімділігін арттыру үшін компанияның жүзеге асырып жатқан инвестициялық жобаларына, сондай-ақ қол жеткізілген қаржылық нәтижелерге тоқталды. Еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік қауіпсіздікке ерекше назар аударылды.

Кездесуде сондай-ақ «Жайықмұнайгаз» МГӨБ оң көрсеткіштері атап өтілді. Мысалы, жөндеуаралық мерзім көрсеткіштері бойынша басқарма ЕМГ өндірістік-құрылымдық бөлімшелері арасында жетекші орынға ие болды.

2»»



## ҚОСШАҒЫЛ МҰНАЙ-ГАЗ ӨНДІРУ ЦЕХЫ: ТҰРАҚТЫ ӨНДІРІС, ҚАЛЫПТАСҚАН ӘЛЕУМЕТТІК ОРТА

Бүгінде цех ұжымы өндірістік тапсырмаларды тұрақты орындап, мұнай-газ өндіру көрсеткіштерін жоспарлы деңгейде сақтап келеді.

3»»

## SERPIN: ОТ ОБУЧЕНИЯ ДО ВНЕДРЕНИЯ

В АО «Эмбамұнайгаз» успешно завершился очередной сезон образовательного проекта Serpin, который ежегодно помогает молодым специалистам развивать профессиональные и личные компетенции.

4»»

## ЖИ ДӘУІРІНДЕ ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Бұл сауал бүгінде әрқайсымызды ойландыруы тиіс. Жасанды интеллект қарқынды дамып жатқан кезеңде еңбек нарығы да түбегейлі өзгеруде.

7»»

## ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУ

## НӘТИЖЕ және ЖОСПАР



(Соңы. Басы 1-бетте)

**«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбеттің еңбек ұжымдарымен есепті кездесуі «Қайнармұнайгаз» және «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында жалғасты. Жиындарда биылғы жарты жылдың қорытындылары мен алдағы межелер айқындалып, жоспар, көрсеткіштер сараланды.**

Биылғы 6 айда ЕМГ бойынша мұнай мен конденсаттың жалпы өндіріс көрсеткішін таныстырған Компания бас-

шысы бұл сандардың артында тұтастай ұжымның бірлескен жұмысы жатқанын атап өтіп, ембілік мұнайшыларға алғыс



білдірді. Алдағы уақытқа жоспарланған іс-шараларды табысты жүзеге асыру үшін осы бағыттан таймау керектігін атап өтті.

Ембі кен алаңдарындағы өндіріс деңгейін ұстап тұру үшін қолданысқа енгізілген технологиялар, олардың жемісі туралы деректерді келтірген ЕМГ басшысы бұл мақсатта алда тағы да тың жобалар жоспарланып отырғанын айтты. Сонымен қатар, биылғы 6 айдағы қаржылық нәтижелер де таныстырылды.

Жиындарда көтерілген басты тақырыптың бірі – қауіпсіздік мәселесі. Компания басшысы бұл мәселеге айрықша назар аударып, оқыс, жазатайым оқиғаларды болдырмау, алдын алу – баршаға ортақ мәселе екенін атап өтті.

Р.Ізмұханбет есепті баяндамадан соң, осыған дейінгі ұйымдастырылған ұжымдық кездесулерде ембіліктер тарапынан көтерілген мәселелердің шешілуі жолында жасалған және жоспарланған жұмыстар туралы да айтып өтті. [ЕТ](#)



## КҮН ТӘРТІБІНДЕ

## ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ МАҚСАТ

Адам – басты құндылық. Сондықтан, қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды негізгі ұстанымдарының біріне айналдырған «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік-құрылымдық бөлімшелер мен бизнес серіктестердің өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша көрсеткіштерін саралап, назарда ұстап отырады. «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбеттің қатысуымен өткен жиында биылғы 6 айдағы нәтижелер жарияланып, өзекті мәселелер талданды.

Есепті жиналыста Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Мұратбек Куримов және өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің басшылары 6 айдағы салалық көрсеткіштерді жариялап, кемшін тұстарды да атап өтті. Бизнес серіктес компаниялардың өкілдері орын алған оқиғалардың себептерін көрсетіп, оларды алдағы уақытта болдырмау бағытында жүргізілген нақты іс-шараларды таныстырды.

Жиында Компания басшысы қауіпсіз жұмыс – бәріне ортақ мақсат екенін атап өтіп, «Ембімұнайгаз» АҚ тарапынан мердігер мекемелерді тексеру барысында анықталған бұзушылықтардың жойылу деңгейін саралады. Кемшіліктерді жою, болдырмау, сәйкесті іс-шараларды тиянақты, уақытылы жүргізу бағытындағы жұмыстардың назарда ұсталатынын айтып, нәтиже болмаған жағдайда әрі қарай ол компаниямен серіктестікті жалғастыру мәселесін күн тәртібіне шығару керектігін тапсырды.

Ең негізгі меже – проблемалы мәселелердің екіжақты оңтайлы шешілуі және аталған саладағы нөлдік көрсеткіш екенін атаған Компания басшысы Ринат Ізмұханбет тек талқылау нәтиже бермейтінін жеткізіп, саладағы кез-келген мәселеге жауаптылық жоғарыдан-төмен қағидаты аясында, яғни, бірінші басшыдан бастап жауапты болуы керектігін нақтылады. [ЕТ](#)



КЕҢІШКЕ САПАР

# ҚОСШАҒЫЛ МҰНАЙ-ГАЗ ӨНДІРУ ЦЕХЫ: ТҰРАҚТЫ ӨНДІРІС, ҚАЛЫПТАСҚАН ӘЛЕУМЕТТІК ОРТА

«Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасына қарасты Қосшағыл мұнай-газ өндіру цехына арнайы іс-сапарымыз ұжымның жаңа басшысының тағайындалуымен тұспа-тұс келді. Мақсот Әділовтың цех тізгінін қолға алғанына көп уақыт өте қоймаған екен. Цех басшысымен болған әңгіме аясынан дайындалған репортажымызда ұжымның күнделікті жұмысына кеңінен тоқтала отырып, жаңа басшылықтың ортаға бейімделу үдерісі мен тиімді жұмыс ұйымдастыру тәжірибесіне де кеңінен тоқталдық.

## ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР

Қосшағыл мұнай-газ өндіру цехының құрамына Қосшағыл, Қысымбай, Аққұдық және Ақінген кен орындары қарайды. Бүгінде цех ұжымы өндірістік тапсырмаларды тұрақты орындап, мұнай-газ өндіру көрсеткіштерін жоспарлы деңгейде сақтап келеді. Нәтижесінде өндірістің тұрақтылығы мен сенімділігі қамтамасыз етілген.

Қазіргі таңда цех бойынша жалпы 82 ұңғыма болса, соның 71-і өнім беруде. Ақінген кен орнында бір фронтандық ұңғыма және 63 штангалы тереңдік сорапты (ШГН) ұңғыма жұмыс істейді. Аққұдық кен орнында электрлі винтті сораптар (ЭВН) арқылы мұнай өндіру жүзеге асырылуда. Өндірілген өнім топтық өлшегіш қондырғылар арқылы жинақталып, Ақінгенге жеткізіледі. Мұнда газды жинау және өңдеу орталығында (ГЗО) мұнай сапалық сараптамадан өткізіліп, әрі қарай Қысымбай мұнай дайындау және айдау бөлімшесіне жөнелтіледі. Бұл бөлімшеде өнім тауарлық талаптарға сәйкестендіріліп, тұтынушыға жіберуге дайын күйге келтіріледі.

Қосшағыл МГӨ цехында өндірістік инфрақұрылымды жаңарту бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылған. Мұнай дайындау қондырғылары толық жаңартылып, өндіріс үдерісі оңтайландырылған. Сораптар ғимараты күрделі жөндеуден өткізіліп, өндірістік жабдықтардың сенімділігі артты. Вагондар паркі жаңартылып, логистикалық үдерістердің тиімділігі жақсарды. Сонымен қатар, газды үнемдеу мақсатында блокты-модульді жылу қазандықтары жаңғыртылды.

Опорный мұнай тасымалдау орталығында су тазарту жұмыстары жүргізілуде, бұл экологиялық талаптарды сақтауға және өндірістің қоршаған ортаға әсерін азайтуға бағытталған. Қысымбай кен алаңында көлбеу бұрғылау жұмыстары жүзеге асырылып, екі жаңа ұңғыма қазылды және олардан тұрақты

өнім алынуда. Бұл жұмыстар кен орындарының өндірістік әлеуетін арттырып, «байырғы кеніштердің екінші тынысын ашу» бағытындағы жобалардың тиімділігін көрсетіп отыр.

Ақінген кен орнында өндірісті жетілдіру мақсатында ОПИ қондырғыларына таттануға қарсы қорғаныс құбырлары орнатылып, заманауи SMART тереңдік контейнерлері енгізілді. Бұл технологиялар ұңғымалардың жұмысын бақылауды жақсартып, өндірістің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беруде. Нәтижесінде кен орындарында тұрақты өнім өндіру деңгейі сақталуда.

Цехта өндірістік көрсеткіштермен қатар еңбек қауіпсіздігі мен экологиялық талаптарды сақтау мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Барлық жұмыстар бекітілген стандарттарға сәйкес жүргізіліп, қызметкерлердің қауіпсіз еңбек етуіне толық жағдай жасалған.

## ЕҢБЕК АДАМЫНА ЖАСАЛҒАН ЖАҒДАЙ

Ұжымда өндірістік жетістіктермен қатар, цехта әлеуметтік бағыттағы жұмыстар да жүйелі түрде дамуда. Мұнда жағымды еңбек ахуалы қалыптасып, жұмысшылардың демалысы мен тұрмысына қолайлы



жағдай жасалған.

Цех қызметкерлері үшін толыққанды жұмыс істейтін жатақхана мен асхана қызмет көрсетеді. Жатақхана заманауи талаптарға сай жабдықталып, жұмысшылардың жайлы тұруына мүмкіндік жасалған. Асхана ұжымы күнделікті сапалы әрі ыстық тағаммен қамтамасыз етіп, еңбеккерлердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға жағдай жасауда.

Қысымбай кен орнында еңбек ететін жұмысшылар өз қолдарымен жатақхана аумағын абаттандырып, ашық аспан астында әсем бақ отырғызған. Бүгінде бұл аумақ көгалдандырылып, түрлі ағаштар мен гүлдер өсіп тұрған көрікті демалыс орнына айналған. Бұл бастама ұжымдағы бірлікті нығайтып,



еңбек мәдениетін арттыруға өз үлесін қосып отыр.

Жалпы алғанда, Қосшағыл мұнай-газ өндіру цехында өндірістік тұрақтылық пен әлеуметтік қолдаудың үйлесімді жүйесі қалыптасқан. Кен орындарын жаңғырту, инфрақұрылымды жетілдіру, экологиялық талаптарды

сақтау және еңбек жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Соның нәтижесінде цех ұжымы тұрақты өндіріс көрсеткіштерін сақтап қана қоймай, әлеуметтік тұрғыдан да дамыған, бірлігі бекем еңбек ортасын қалыптастырып отыр.

**Түйін:** Ұжымға жаңа басшы келгенде бәрін бірден өзгертуден емес, бұрын тиімді жұмыс істеген жүйелерді сақтай отырып, қалыптасқан тәжірибені құрметтеу. Сонда ғана өндірісті біртіндеп жаңартып, ұжым мүшелерін ортақ мақсатқа біріктіре алады. Сол арқылы ұжым табысты еңбекке қол жеткізеді. **ЕГ**

## БАСШЫЛЫҚТАҒЫ БАСТЫ ҰСТАНЫМ

**Мақсот ӘДІЛОВ** – Қосшағыл мұнай-газ өндіру цехының бастығы ретінде ұжымға жаңа келген басшы. Оның ойынша коллективке жаңа келген басшының тиімді бейімделуі – ұжымның тұрақтылығы мен дамуы үшін өте маңызды процесс. Мұнда негізгі идея жаңаны енгізе отырып, бұрынғы құндылықтарды бұзбай жетілдіру. Бұл жөнінде цех басшысының айтары да – құнды ой.

– Жаңа ортаға келген басшы бірінші кезекте ұжымды өзгертуге емес, оларды түсінуге назар аударуы керек. Бұл орайда маған басқарма басшылығы тарапынан жаңа міндетті атқару жауапкершілігі ұсынылғанда өзіме іштей тапсырма бердім: ұжымның қалыптасқан мәдениетін зерттей отырып, қазіргі жұмыс процестерін сырттай бақыламай, ішінен түсіну. Сол арқылы әріптестер арасында сенім қалыптастыру. Бұл орайда менің ұстанған бағытым: алдымен тыңда, кейін әрекет ет. Күнделікті жұмысымды қарапайым тілмен түсіндірсем, мен ұжымды басқарып қана қоймай, олардан қолдау көре алатындай болуым керек, – деген Мақсоттың пікірін тыңдай отырып, іштей түйін жасадық.



## ■ ПРОЕКТ

В АО «Эмбаунайгаз» успешно завершился очередной сезон образовательного проекта Serpin, который ежегодно помогает молодым специалистам развивать профессиональные и личностные компетенции.

В этом году в нём участвовали 28 сотрудников. Программа состояла из пяти модулей, которые

# SERPIN: ОТ ОБУЧЕНИЯ ДО ВНЕДРЕНИЯ

кусственным интеллекте. Среди предложенных идей – раннее выявление угроз для здоровья работников, диагностика электрооборудования и аварийных режимов, цифровой контроль промбезопасности через ИИ-видеоаналитику, единая цифровая платформа для мониторинга скважин, системные методы против гидратообразования на трубопроводных линиях, изготов-



**Алмагуль АМАНЖОЛ, инженер-химик ЦПГиПС м/р Прорва НГДУ «Жылоймунайгаз»:**



– Участие в проекте Serpin стало для меня важным этапом профессионального развития. Особенно запомнилась программа по управлению проектами, которая помогла мне приобрести практические знания и навыки в области планирования, организации работы команды, принятия решений и достижения поставленных целей.

Проект также способствовал развитию лидерских качеств. Я научилась эффективно взаимодействовать с людьми, брать на себя ответственность, работать в команде и проявлять инициативу. Эти навыки сегодня помогают мне не только в профессиональной деятельности, но и в личностном росте.

Особую благодарность хочу выразить нашей компании «Эмбаунайгаз» за предоставленную возможность принять участие в таком значимом проекте. Поддержка и внимание к развитию молодых специалистов мотивируют нас постоянно совершенствоваться, получать новые знания и стремиться к высоким результатам.

Уверена, что полученный опыт и знания будут полезны мне в дальнейшей работе и помогут вносить вклад в развитие не только ЭМГ, но и нефтегазовой отрасли Казахстана. Проект Serpin дал мне не только новые компетенции в области управления проектами и лидерства, но и уверенность в собственных силах, вдохновив на дальнейшее профессиональное развитие.

прошли в Атырау, Алматы, Астане и Усть-Каменогорске. Участники освоили темы по внедрению ИИ, ораторскому искусству, управлению проектами и финансовой грамотности – всё это способствует более эффективной работе в команде, повышению ответственности и качеству принимаемых решений.

На финальной защите семь команд представили проекты, нацеленные на улучшение производственных и социальных процессов. Большинство из них основаны на цифровизации и ис-

ление солевых уплотнений из остатков шин и даже открытие специального цеха по очистке насосно-компрессорных труб. Все проекты прошли широкое обсуждение членами жюри, лучшие были предложены к внедрению в деятельность компании.

Подытоживая итоги Serpin, **заместитель генерального директора по кадровым и социальным вопросам АО «Эмбаунайгаз» Кайрат Абеннов** отметил, что за четыре сезона данный проект превратился из образовательной инициативы в эффективный

инструмент подготовки управленческого резерва и генерации инновационных идей.

По словам самих же участников, Serpin стал для них не просто школой, а точкой опоры для дальнейшего роста. Молодые спе-

циалисты признаются, что модули по искусственному интеллекту и управлению проектами открыли им новые горизонты. «Мы научились не просто предлагать идеи, а просчитывать их экономическую эффективность и защищать

перед руководством», – делятся они. Также ребята отметили важность командной работы: за время обучения они сплотились, обменялись опытом и теперь планируют совместно внедрять свои проекты на производстве. **ЕТ**

**Әлижан ҚАДЫРЖАН, ОТҚЖЖБ ТМК орталықтандырып жеткізу тобының инженері:**



– Ағымдағы жылдың ақпан айында бастау алған «Серпін» жобасы 28 жас маман үшін үлкен мүмкіндіктер алаңына айналды. Атырау, Астана, Алматы және Өскемен қалаларында өткен әрбір модуль қатысушылардың жобалық идеяларын бастапқы кезеңнен бастап оны сәтті

қорғауға дейін жетілдіруге бағытталды. Бағдарлама аясындағы әр тақырып бойынша тренингтерді өз саласының білікті мамандары өткізіп, қатысушыларға баға жетпес тәжірибе мен терең білім сыйлады.

Әрине, «Серпін» – білім алу, кәсіби даму және жобалық ойлау мәдениетін қалыптастыруға арналған жоба. Дегенмен, оның ерекше қырларының бірі – командалық экстремалды спорт түрлеріне негізделген тәжірибелік кезеңдер болды. Алматы қаласында барлық қатысушы тау шыңын бағындыруға аттанса, Өскеменде тау өзеніндегі рафтинг спортын меңгердік. Мұндай белсенділіктер қатысушылардың бір-бірімен жақын танысып, команда құрамына тез бейімделуіне және ортақ мақсат жолында бірлесіп әрекет етуіне ықпал етті. Қиындықтарға толы сәттерде нағыз көшбасшылар танылып, өз команда-

ларын алға жетелей білді.

Сонымен қатар, жоба барысында төрт адамнан құралған жеті топ әртүрлі бағыттағы жобаларды әзірледі. Әр қатысушы жобаны сапалы жүзеге асыруға қажетті дағдыларды меңгеріп, кәсіби деңгейін жаңа белеске көтерді. Сөз сөйлеу мәдениеті, көшбасшылық қасиеттер, жасанды интелект негіздері, корпоративтік мәдениет, жобаларды басқару, қаржылық сауаттылық және эмоционалды интелект тақырыптарындағы тренингтер тек кәсіби қызметте ғана емес, өмірлік тәжірибеде де үлкен маңызға ие екеніне көз жеткіздік. Жалпы алғанда, «Ембімұнайгаз» АҚ жүзеге асырған «Серпін» жобасы қатысушылардың жеке және кәсіби әлеуетін дамытуға зор мүмкіндік беріп қана қоймай, компанияның да заман талабына сай дамуына серпін беретін тиімді бастамаға айналды.

Айта кетерлігі, жоба аясында ұсынылған жұмыстардың ішінде мен көшбасшылық еткен «Спарта» тобы жоғары нәтиже көрсетіп, ең жоғары ұпай алды. Жобамыздың тақырыбы – «Электр құрылғыларының жағдайын мониторингтеу және апаттық белгілерді анықтау жүйесі». Бұл жетістік – команда мүшелерінің қажырлы еңбегі, жоғары жауапкершілігі, ауызбіршілігі және компания тарапынан жасалған зор мүмкіндіктердің жемісі деп білемін. Осындай тағылымды тәжірибе мен даму мүмкіндігін сыйлаған «Серпін» жобасына және «Ембімұнайгаз» АҚ-ға шынайы алғысымды білдіремін.

**Дастан ӘДІЛБЕКҰЛЫ, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ өндірістік-техникалық бөлімінің инженері:**

– Жақында мен үшін ерекше тәжірибе болған «Серпін» жас мамандарды дамыту бағдарламасының 4-маусымын аяқтадым. Бұл бағдарлама кәсіби білімді жетілдіріп қана қоймай, жаңа ортада тәжірибе жинақтауға, әріптестермен тығыз қарым-қатынас орнатуға және компанияның дамуына үлес қосатын жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Бағдарлама бес айға созылып, бес модульден тұрды. Осы уақыт аралығында біз Атырау, Астана, Алматы және Өскемен қалаларында болып, білікті спикерлер мен тренерлерден білім алдық. Бағдарлама аясында «Жаңа дәуір көшбасшылары», «Жасанды интелект: арман мен шынайылық», «Корпоративтік мәдениет. Ембінің ДНҚ-сы», «Жобаларды басқару. Жүйелік талдау», «Жеке қаржы және жобалар экономикасы», «Эмоционалды интелект» сияқты өзекті тақырыптар қамтылып, біліміміз бен көзқарасымызды кеңейтуге үлкен мүмкіндік берілді.

Бағдарлама тек теориялық біліммен шектелген жоқ. Астана қаласында АЛЖИР мемориалды-мұражай кешеніне барып, халқымыздың тарихымен тереңірек таныстық. Алматыда театр қойылымын тамашалап, Медеу шатқалы арқылы Іле Алатауының көркем табиғатына саяхат жасадық. Таулы соқпақтармен көтеріліп, табиғаттың ерекше сұлулығын тамашаладық. Бұл сапар бізге ерекше әсер сыйлап, қатысушылар арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтты. Өскеменде табиғат аясында ұйымдастырылған танымдық іс-шараларға қатысып, өңірдің табиғаты мен ерекшелігімен таныстық. Сонымен қатар, Үлбі өзенінде рафтингке қатысып, командалық жұмыстың, өзара сенім



мен қолдаудың маңызын іс жүзінде сезіндік.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – компанияға нақты пайда әкелетін жобалар әзірлеу болды. Біз төрт адамнан құралған команда болып жұмыс істедік. Бес ай бойы кураторлар мен сарапшылардың қолдауымен жобамызды жетілдіріп, қорытынды қорғауға дайындадық.

Біздің команданың жобасы «Жасанды интелект негізінде өндірістік қауіпсіздік және техника қауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылауға арналған бейне-мониторинг жүйесін енгізу» тақырыбына арналды. Жобаның негізгі мақсаты – өндірістегі қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарының сақталуын күшейту, сондай-ақ, жазатайым оқиғалардың алдын алу.

Жобаны әзірлеу барысында біз ең алдымен адам өмірінің құндылығын басшылыққа алдық. Өйткені, «Ембімұнайгаз» компаниясының басты қағидаттарының бірі – әрбір қызметкердің жұмыс орнына келіп, өз міндетін қауіпсіз атқарып, отбасының қасына аман-есен оралуын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, қазіргі таңда жасанды интелект пен цифрландыру технологиялары қарқынды

дамып жатқан кезеңде өндірістік қауіпсіздік саласына заманауи шешімдерді енгізудің маңызы артып келеді. Осыған байланысты біз өндірістегі қауіпті жағдайларды, жеке қорғаныс құралдарын пайдаланбау фактілерін және қауіпсіздік талаптарының бұзылуын автоматты түрде анықтайтын интеллектуалды бейнемониторинг жүйесін ұсындық.

Қорытынды кезеңде барлық командалар өз жобаларын қорғады. Әр жоба компания қызметінің түрлі бағыттарын жетілдіруге арналды. Біз үшін ең үлкен жетістік – дайындалған жобалардың компания басшылығының назарына ұсынылып, оң бағасын алуы болды. Бұл жас мамандардың идеялары мен бастамаларының өндірісте нақты қолданыс таба алатынын көрсетті.

Мен үшін «Серпін» бағдарламасы жаңа білім мен тәжірибе ғана емес, жаңа достар, жаңа көзқарас және кәсіби дамуға жаңа серпін берген маңызды жоба болды. Бағдарламаның 4-маусымына қатысқанымашын жүректен қуаныштымын. Бұл жоба жас мамандардың әлеуетін ашып, олардың кәсіби және тұлғалық дамуына үлкен серпіліс береді деп есептеймін.

Осындай бағдарламалардың алдағы уақытта да жалғасын тауып, жаңа буын мамандарының дамуына өз үлесін қоса беретініне сенімдімін. Осы мүмкіндікті ұсынып, жас мамандарға қолдау көрсетіп отырған «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығына, бағдарлама ұйымдастырушыларына, кураторлар мен тренерлерге шынайы алғысымды білдіремін.

## QUIZ

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай «Ембімұнайгаз» АҚ сала мамандарына арнап ерекше форматтағы мерекелік шара ұйымдастырды. «БАҚ және баррель» атты интеллектуалдық Quiz ойынына Атырау облысындағы жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен баспасөз хатшыларынан құралған 6 команда қатысты. Олардың қатарында республикалық БАҚ-тың меншікті тілшілері, «Атырау-Ақпарат» медиахолдингінің өкілдері, аудандық газеттер журналистері, телеарна қызметкерлері, интернет-басылымдар тілшілері және түрлі мекемелердің баспасөз хатшылары болды. Командалар өздеріне ерекше атаулар таңдап, шығармашылық танытты. Атап айтқанда, «Сайттан алғыр», «Дәуреннің жинағандары», «Баспасөз бригадасы», «Жеті қарақшы», «БАҚOIL» және «Өтақандардың ботақандары» командалары білім мен тапқырлық сынына түсті. Кәсіби мереке иелерін «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары Руслан Бектемір, Өндірісті автоматтандыру және ақпараттық технологиялар департаментінің директоры, ЕМГ жергілікті кәсіподағының төрағасы Болат Нсанбаев, Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық Калидуллин құттықтап, марапаттады.

Шараның басты мақсаты – журналистермен әріптестік байланысты нығайту, қатысушылардың Ембі мұнайының тарихы мен еліміздің мұнай-газ саласы туралы білімін кеңейту, сондай-ақ, «Ембімұнайгаз» компаниясының оң имиджін қалыптастыру.

Ойын бірнеше кезеңнен тұрды. Алғашқы



I орын иегерлері – «Өтақандардың ботақандары» командасы

диа» раундында мұнай тақырыбын қамтитын журналистік зерттеулер, деректі фильмдер мен танымал әдебиеттерге қатысты сауалдар қойылды. Қатысушылардың қызығушылығын тудырған кезеңдердің бірі – «Бәс тігу» бөлімі болды. Мұнда әлемдік мұнай өндірісі, ірі кен орындары, рекордтық көрсеткіштерге қатысты мәліметтер қамтылды.

Ойын барысында журналистер өздерінің кәсіби эрудициясымен қатар мұнай саласына қатысты жан-жақты білімдерін де көрсетті. Сайыс нәтижесімен I орынды «Өтақандардың ботақандары» (телевидение қызметкерлері), II орынды «Дәуреннің жинағандары» (баспасөз хатшылары), III орынды «Баспасөз бригадасы» (республикалық БАҚ қызметкерлері) иеленді.

Жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар мен статуеткалар табысталды. Ал, жүлделі орындарға іліге алмаған үш командаға ынталандыру сыйлығы тарту етілді.

# БАҚ пен БАРРЕЛЬ ТОҒЫСҚАН ЗИЯТКЕРЛІК ДОДА



Баспасөз хатшыларына II орын бұйырды



Үздік үштікті түйіндеген – «Баспасөз бригадасы» командасы

«Шолу» бөлімінде қатысушылар Қазақстан мұнайының бастау алған кезеңдері, Қарашұңгіл, Доссор және Мақат кен орындарының тарихы, Ембімұнайгаздың қалыптасу жолы жөніндегі сұрақтарға жауап берді.

«Кескін» кезеңі логикалық сұрақтарға негізделді. «Күрделі» деп аталатын кезеңде әлемдік мұнай нарығы, халықаралық мұнай компаниялары туралы білім сыналды. Ал, «Ме-



«БАҚ және баррель» интеллектуалдық ойыны мерекелік шара ғана емес, журналистер мен мұнайшылар арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайтатын, Ембі мұнайының бай тарихын кеңінен насихаттайтын маңызды алаңға айналды. Қатысушылар мұндай кездесулер кәсіби қарым-қатынасты дамытуға, тәжірибе алмасуға және жаңа білім алуға мүмкіндік беретінін атап өтті. **ЕГ**



## ДОССОР-115

**РЕДАКЦИЯДАН: Қазақ мұнайының тарихында өзіндік айшықты орны бар кен орны Доссор кенішінен алғаш рет өнім алынғанына биыл – 115 жыл. Осынау атаулы датаға орай, ресми әлеуметтік желіде хабарлама таратып, тарихи деректерді, аға буынның есімін жадыларда жаңғырту мақсатында ұрпақтарының қолында бар ресми мәлімет, көне суреттерді жинақтауды бастадық. Өткенсіз бүгін жоқ. Осы орайда мұнай өндірісінің алғашқы кезеңі туралы қоржынымызға келіп түскен төмендегі мәтінді жариялаймыз. Алдағы уақытта да бұл тақырыпқа қатысты танымдық жазбалар жалғаса бермек.**

## АЛҒАШҚЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР, АҒАЙЫНДЫ НОБЕЛЬДЕР ЖӘНЕ ДОССОР КӘСІПШІЛІГІ

Атырау облысында мұнайды өндірістік негізде игеру 1892 жылы Түркістанға теміржол тарту жұмыстарымен қатар жүргізілді. Осы жылы «Рязань-Орал» теміржол салу компаниясы және Геологиялық комитет Жайық-Ембі бассейнінің табиғи байлықтарын зерттеу үшін геолог С.Никитиннің басшылығындағы арнаулы экспедицияны аттандырады. Осы экспедицияның мүшелері тұңғыш рет қолмен бұрғы салу арқылы мұнай қорын барлау жұмыстарын жүргізеді. Олар тереңдігі 6-9 метрден аспайтын ұңғымалардың алтауын Доссорда, біреуін Ескенеде және бесеуін Қарашұңгілде тұрғызады.

### АҒЫЛШЫН КАПИТАЛЫНЫҢ КЕЛУІ

Ол кезде де өнеркәсіп жаңалықтары газет арқылы Ресейдің орталық қалаларына тарап отырған. Атырау өңірінде мұнай барлау жұмыстары басталғанын содан білген қазіргі Орынбор облысындағы Соль-Илецк қаласының тұрғыны Юрий Лебедев есімді дәулетті адвокат қызығушылық танытып, 1892 жылы осы іске бар қаражатын салып, инвестор ретінде бұрғылау, барлау жұмыстарын тереңірек жүргізуге үлес қосады. Осы жұмыстар нәтижесінде Дөңгелексор, Ескене, Ащықұдық, Мұнайлы және Қарашұңгіл кен орындарында ұңғымалар қазылады. Алайда ұзақ мерзімдік барлау жұмыстары үшін Лебедевтің барлық меншігін сатуына тура келеді. Бұрынғы штабс-капитан, кейін кәсіпкерлікке көшкен В.Леман оның барлық меншігін сол кездегі 26 мың рубльге сатып алған екен. Лебедевке қарағанда іскерлік, алғырлық қырларымен танылған Леман өзінің кәсіпорынын «Леман и К» деп тіркетіп, қасына бірнеше серіктес жинайды.

Қазақ даласындағы алғашқы мұнай кәсіпорыны болған бұл компания 1898-1909 жылдар аралығында 11 жыл жұмыс істейді. Леманның іскерлігінің арқасында оның компаниясы 1898 жылы қол күшімен 60 ұңғыма қазады. Бір ғана Қарашұңгілде 38 метрден 275 бұрғыланып, 1899 жылы 13-18 қараша аралығында Қарашұңгілде алғашқы мұнай бұрқағы атылады. Осы күнді Қазақ мұнайының туған күні деп атап жүрміз. Өйткені, мұнайды өндірістік жолмен, алғаш рет тереңнен ұңғымамен шығару ісі осы кезден басталған. Алғашқы бұрқақта 25 мың тонна мұнай сыртқа ағып шығады.

В.Леман кешікпей «Ембі-Каспий» атты серіктестік құрып, оған Петрбордың Грум-Гружимайло, Деппельмайер сияқты кәсіпкерлерін де тартады. Олар өндіріске көп қаражат салуға тырыспаған. Осы себепті компания қазақ мұнайын одан әрі игеруге шамасы келмейтін хал танытады.

Тығырықтан шығу амалы ретінде «Леман и К» компаниясы өкіметке концессияны шетелдіктерге сату керек деген ұсыныс жасайды. Оны сол кездегі министрлер кеңесінің төрағасы, Балтық бойы немістері қатарынан шыққан С.Витте қолдайды.

Атырау мұнайын сатып алуға Англия мен Швейцария синдикаттары қызығушылық білдіреді. Соның ішінде ағылшын алпауыттары Эдуард Юмь-Шведер мен Отто Лист Жайық-Ембі аудандарына өздерінің инженерлері мен геологтарын жіберіп, мұнай қорының перспективасын зерттейді. Тиынақты зерттеулердің нәтижесінде ағылшындар Леман компаниясын 1910 жылы концессия құру құқымен сатып алады. Бұлардың құрған компаниясының жаңа атауы «Жайық-Каспий мұнай қоғамы» деп аталады. Осы қоғамға Гурьев уезіндегі Бұлан, Қарамайлы, Қарашағыр, Ембі, Атырау, Кермекас, Ақбас және Жаршық болыстарындағы кен орындарын зерттеу құқы қоса беріледі.

1911 жылы 29 сәуірде Доссор маңындағы №3 ұңғымадан да қуатты бұрқақ атылады. Оның биіктігі жерден 20-25 метрге дейін көтерілген екен. Мұнайының сапасы да жоғары, құрамындағы керосин қоспасы 70 пайызға жеткен. Бұл кәсіпкерлерді қатты қызықтырады, өйткені, ол кезде мұнайдың ең басты қажетті өнімі керосин болған. Ал

іштен жану двигательдері енді ғана жаппай жасалып жатқан. Сөйтіп, аса ірі Ембі мұнай кәсіпшілігінің тарихы осы жерден басталады.

Алғашқы кәсіпшілердің маркетингтік қызметі нәтижесінде Еуропада Ембі мұнайы жөнінде әңгімелер қозғала бастайды. Кен орны туралы «Үлкен мұнай теңізі», «Сапасы өте жоғары екінші Баку» деген сияқты тақырыптар газет-журналдардың бетінен түспеген. Бұл кезде мұнайға деген сұраныс та артқаны мәлім. Сондықтан, Ембі мұнай компаниясының акциясын Лондон биржасында бес миллион фунт стерлингке (47 млн рубль) дейін көтергендер ұтылған жоқ.

Сөйтіп, ағылшын капиталының араласуымен 1910-1913 жылдар аралығында акционерлік негізде мұнай компаниялары құрылады. Солардың қатарында 1912 жылы

құрылған «Батыс-Жайық» ЖШС, «Орта Орал-Каспий» АҚ және 1914 жылы Лондон қаласында тіркелген «Каспий мұнай компаниясы және Ембі мұнай өнеркәсібі» АҚ бар. Соңғысының негізгі капиталы 6 млн. рубльді құрап, оның 2,5 млн рубль, яғни 40% астамы ағылшындардың үлесінде болған. Ал, ағылшын мұнай компаниясына кейін атақтары жер жарған ағайынды Нобельдер иелік еткен. Барлық акцияның 42,5 пайызын «Ағайынды Нобельдер серіктестігі» еншілеген. Акцияның басқа бөліктерін неміс пен француз

кәсіпкерлері алған.

### БАКУДЕН ЕМБІГЕ ДЕЙІН

Осы жерде Қазақ мұнайын өндіруге біршама еңбек сіңірген ағайынды Нобельдер туралы да айта кеткенді жөн деп есептедік.

Нобельдердің өзі бірнеше ағайынды. Соның үшеуі – Людвиг, Альфред және Роберт Эммануэль Нобель деген швед дәрігерінің балалары. Ағайындылардың ішінде Людвиг пен Роберт бизнеске икемді болса, Альфред ғылымға, өнертапқыштыққа бейім болған. Олар Санкт-Петербургте көп салалы жауапкершілігі шектеулі серіктестік құрып, әкелерінен басталған қару-жарақ, мина және басқа қарулар шығарумен айналысқан.

Мұнай саласында бизнес жасауды алғашқы болып ұсынған Роберт Нобель екен. Серіктестіктің алғашқы

бастығы оның ағасы Людвиг болады. Ижевскіде шыққан «Берданка» деген мылтық та – осылардың өнімі. Роберт соның оқпанына берік ағаш іздеп Ресейдің шеткі аймақтарын аралап жүріп, 1873 жылы Баку қаласына келеді. Іскерлік қанында бар Роберт мұнайдан көл-көсір табыс табуға болатынын бірден сезеді. Өзінің жоспарын ағасына айтқанда, ол бірден қолдамай, тартыншақтайды. Бірақ Роберт мұнай бизнесінің перспективасы жоғары екенін дәлелдеп береді. Сөйтіп, алғашқы болып осы іске өзі кірісіп, 1873 жылы өз қаражатына Бакудің мұнай айдап, керосин шығаратын шағын зауытын сатып алады. Ол кезде Ресейде керосинді «жарық майы» деп атаған. Көп кешікпей інісінің бастамасын басқа Нобельдер де қолдайды.

Олар 1876 жылы Санкт-Петербургке алғаш рет жарық майын жеткізеді. Ол кездегі лампалардың бәрі керосинмен жанады. Ең үлкен сарайлардан бастап кішкентай лашықтарға дейін керосинмен жарықтанады. Сондықтан, бұл өнімге деген сұраныс өте жоғары. Табыстың ағыл-тегіл келе бастағанын көрген Нобельдердің үлкені Людвигтің өзі де Бакуге көшіп келіп, қоныс тебеді. Ал, Роберт бұл кезде Сабыншы деген кен орынын сатып алып, 1876 жылы сол жерге алғашқы рет бұрғы салады. Оның бұрғысы да сәтті болып, мұнай бұрқағы оңай атылады. 1878 жылы осы жерден ағайынды Нобельдер Ресейдегі ең алғашқы мұнайқұбырын да тартқан екен. Оның ұзындығы 9 шақырым, диаметрі 3 дюйм (7,62 см) болған. Ал, қуаттылығы тәулігіне 80 пұт, яғни 1,3 тонна мұнай айдауға жеткен.

Мұнай өндіруге осылай кіріскен Нобельдер 1879 жылы бірігіп Бакуде «Ағайынды Нобельдердің мұнай өндірісі серіктестігін» (Petroleum Production Company Nobel Brothers, Limited) құрған. Серіктестіктің негізгі капиталы алғашында 3 млн. рубль болған. Қысқа мерзім ішінде серіктестік Сурахан, Балахан, Бибі-Айбат кен орындарын сатып алады. Осыдан әрі серіктестіктің тасы өрге домалап, табысы қардай жауады. Нобельдер Қазақстан мұнайын өндіруге де осы серіктестіктің қаражатын салған. 1914 жылы Атырау өлкесіне тұмсығын сұққан, жоғарыда атап өткен «Каспий мұнай компаниясы және Ембі мұнай өнеркәсібі» АҚ – осы Нобельдер кәсіпорнының бір пұшпағы. Бизнесмендер оны да Лондонда тіркеткен екен. Бұл кезде Нобельдердің кәсіпорындарында жұмыс істейтін адамдар саны 30 мыңнан асқан.

1913 жылы Ембі мұнай кәсіпшілігінде көп адам еңбек еткен. Осы Доссорда сол кезде жұмысшыларға арналған 10 барак үй, 8 казарма, асхана, монша, наубайхана, электрстансасы және басқа да тұрмыс нысандары тұрғызылған екен. Доссордың екі сыныптың училищесінде қазақ жұмысшыларының балалары да көп болған.

**Абдрахман КАЗИЕВ,**  
газеттің тұрақты оқырманы



Доссор кентіндегі ағайынды Нобельдер тұрған үйдің қазіргі келбеті



## ӘРІПТЕС КЕЛБЕТІ

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Забурын кен орнындағы арнаулы техникалар және автокөлік колоннасының 6-разрядты цементтеу агрегатының моторисі Қуанғали Күншекеев өндіріс саласында 34 жылдан астам уақыт еңбек етіп келеді. Оның соңғы он жылға жуық еңбек жолы цементтеу агрегатының моторисі қызметімен тығыз байланысты.

## ЕҢБЕКТЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК ӨЛШЕМІ



Цементтеу агрегаты – ұңғымаларды цементтеу кезінде қолданылатын, жоғары қысыммен жұмыс істейтін күрделі техника. Мұндай жабдықтарды басқару үлкен жауапкершілікті, кәсіби біліктілікті және қауіпсіздік талаптарын мүлтіксіз сақтауды талап етеді.

– Біздің жұмысымыз жоғары жауапкершілікпен қатар үлкен сақтықты қажет етеді. Цементтеу агрегаты жоғары қысыммен жұмыс істейтіндіктен, әрбір операцияны белгіленген тәртіппен орындау маңызды. Жұмыс барысында техниканың қозғалысы, қысым желілерінің жағдайы, шлангалардың сенімділігі және жабдықтардың жарамдылығы үнемі бақылауда болуы керек, – дейді Қуанғали Күншекеев.

Тәжірибелі маманның айтуынша, өндірістегі қауіпсіздік әрқашан бірінші орында тұруы тиіс. Сондықтан, кәсіпорында бекітілген өмірлік маңызды қауіпсіздік қағидадары қатаң сақталады. Әр жұмыс ауысымы алдында техниканың техникалық жағдайы мұқият тексеріліп, тежегіш жүйесі, жарық белгілері, манометрлер, қысым желілері мен байланыс құралдарының жарамдылығына ерекше назар аударылады.

Көпжылдық тәжірибесі бар Қуанғали Күншекеев үшін қауіпсіздік талаптарын сақтау – тек өндірістік міндет ғана емес, әріптестерінің өмірі мен денсаулығына деген жауапкершілік. Осындай білікті де еңбекқор мамандардың арқасында Забурын кен орнындағы өндірістік жұмыстар сапалы әрі қауіпсіз жүргізіліп келеді. **ЕГ**

## УАҚЫТ ТАЛАБЫ

# ЖИ ДӘУІРІНДЕ ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Бұл сауал бүгінде әрқайсымызды ойландыруы тиіс. Жасанды интеллект қарқынды дамып жатқан кезеңде еңбек нарығы да түбегейлі өзгеруде. Кейбір мамандықтардың маңызы азайып, енді біреулері мүлде жойылуы мүмкін. Ал олардың орнына жаңа дағдылар мен жаңа кәсіптерге негізделген тың мамандықтар пайда болады.



**Үздіксіз білім берудің өзектілігі**

*Болашақта үздіксіз білім беру кәсіби салада бәсекеге қабілетті базысы қалыптасуы және өмір бойы дамуы жасақтауымен қалыптасуы үшін одан да маңызды және қажетті құрал болады. Бұл жағдайға сәйкес іренді емес, тез өзгеретін алаң жағдайындағы қажеттілік.*

- ✓ **Технологиялық өзгерістер**  
World Economic Forum мәліметтері бойынша, қазір бастауыш мектепте оқитын балалардың 65% - ы әлі жоқ кәсіптерде жұмыс істейтін болады. Бұл дағдыларды бейімдеу және жаңарту қажеттілігі өте маңызды болатынын білдіреді.
- ✓ **Еңбек нарығының жаңалануы**  
OECD (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) зерттеуі бойынша халықаралық компаниялар көпмәртепті топтарда жұмыс істеу дағдылары және шешімдерін білу сияқты жаңа дағдылар бар мамандарды іздейді. Бұл мәдениетаралық және Халықаралық бағдарламалар ұсынады білімге сұраныстың артуына әкеледі.

**Үздіксіз білім берудің өзектілігі**

- ✓ **Мансаптық өсу**  
АҚШ-та LinkedIn мәліметтері бойынша жыл сайын өнім астам жаңа мамандықтар пайда болуда: деректер бойынша маман, жасанды интеллект немесе блокчейн технологиялары бойынша мамандар. Бұл білімнің үнемі жаңартылуымен көптеген мамандардың еңбек нарығынан тыс қалу қаупі бар екенін растайды.
- ✓ **Жеке даму**  
Pew Research Center зерттеулеріне сәйкес, нұсқауға оқумен айналысатын адамдардың 70% - дан астамы бұл оқудың өмір сүру сапасын жақсартып, сенімділік береді және жеке қарым-қатынасқа көмектеседі дейді.
- ✓ **Дағдылардың қысқа өмірлік циклі**  
2020 жылы World Economic Forum 2025 жылға дейін барлық жұмысшылардың 50% - ы қайта оқынуды қажет ететінін айтты, өйткені олардың қазіргі дағдылары ескірген. Бұл кез келген саладағы мамандар үшін үздіксіз білім берудің маңыздылығын көрсетеді.

Осы өзекті тақырып «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Мұнайшы қыз» клубының ұйымдастыруымен «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымы арасында өткен мазмұнды семинарда кеңінен талқыланды. Семинар спикері С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институтының директоры Ақмарал Жалғасбаева - бұл бағытты 10 жылдан астам уақыт бойы зерттеп, еңбек нарығындағы өзгерістерді жан-жақты саралап жүрген кәсіби маман.

Кездесу барысында қатысушыларға маңызды ой тасталды: **«Диплом алдым, жоғары білімім бар, маған жеткілікті»** деген түсінік бүгінгі күні жеткіліксіз. Қазіргі заманда білімнің өзі емес, оны үнемі жаңартып отыру, жаңа технологияларды меңгеру және өзгерістерге бейімделу ең маңызды қабілетке айналды.

Семинар барысында қатысушыларға «Жаңа мамандықтар атласы» таныстырылды. Бұл атлас – болашақ мамандықтар әлеміне бағыт-бағдар беретін, мамандық таңдаудан бастап кәсіби дамуға дейінгі маңызды ақпараттарды қамтитын құнды құрал. Онда еңбек нарығындағы өзгерістер, суранысқа ие болатын жаңа кәсіптер, сондай-ақ бүгіннен бастап қандай дағдыларды дамыту қажеттігі жөнінде пайдалы кеңестер ұсынылған.

Атлас тек мамандық таңдау алдында тұрған жастарға ғана емес, «оқысам», «жаңа бағытты меңгерсем», «өзімді дамытсам» деген әрбір адамға арналған. Өзгерістерге бейімделіп, заман талабына сай білім мен біліктілігін жетілдіруді мақсат еткен кез-келген жан одан өзіне қажетті әрі пайдалы мәлімет таба алады.

Мұнайшылардың атласқа деген қызығушылығы ерекше болды. Семинар барысында олар спикерге болашақтағы мамандықтар, жасанды интеллекттің еңбек нарығына әсері, қайта даярлану мүмкіндіктері мен жаңа дағдыларды меңгерудің маңызы туралы жан-жақты сауалдар қойып, ашық пікір алмасты. Бұл олардың кәсіби дамуға, өзгерістерді түсінуге және болашаққа дайын болуға деген жоғары қызығушылығын көрсетті.

**ТҮЙІН.** Біз болашаққа қаншалықты дайынбыз? Жаңа дағдыларды меңгеруге, үздіксіз білім алуға, өзімізді дамытуға дайынбыз ба? Осындай сұрақтарға жауап іздеу – әрбір маманның кәсіби жолындағы маңызды қадам. Өйткені өзгеріске бейімделген адам ғана жаңа дәуірдің мүмкіндіктерін тиімді пайдалана алады.

Уақыт ешкімі күтпейді. Күн сайын жаңа технологиялар, жаңа цифрлық құралдар мен жаңа мүмкіндіктер пайда болып жатыр. Жасанды интеллект көптеген саланың жұмыс істеу тәсілін өзгертуде. Бұл өзгерістерден қорқу емес, оларды түсініп, тиімді пайдалануды үйрену – бүгінгі күннің басты міндеті. **ЕГ**

## ҰЛТТЫҚ МҰРА

Ұлттық Домбыра күніне орай «Ембімұнайгаз» АҚ дәстүрлі құндылықтарды дәріптеуге бағытталған «Домбыра Challenge» мәдени шарасын ұйымдастырды.

# ҚАЗАҒЫМНЫҢ ҮНІСІҢ СЕН, ДОМБЫРА!

Шара аясында Атырау қаласында арнайы бейнетүсірілім жұмыстары жүргізіліп, ембілік мұнайшылар бір алаңға жиналды. Түсірілім жұмыстары Мұнайшылар саябағында және Ту тұғыры алаңында жүргізілді.

Ұлттық өнерге деген құрмет пен ұрпақтар сабақтастығын насихаттаған игі бастамаға қатысушылар қазақ күй өнерінің жауһары саналатын Құрманғазының «Балбырауын» күйін орындады. Бейнеролик «Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы қалың көпшілікке таратылды.

Домбыраның қоңыр үніне өндіріс ардагерлері мен бүгінгі буын мұнайшылары қатар үн қосып, ұлттық мұраға деген ортақ құрметін білдірді. Бұл бастама

компания ұжымының өндірістегі жетістіктермен қатар рухани құндылықтарды сақтауға және насихаттауға да ерекше көңіл бөлетінін көрсетті.

Домбыра – халқымыздың тарихын, мәдениетін, дүниетанымын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келе жатқан қасиетті мұра. Мәдени және рухани мереке аясында ұйымдастырылған «Домбыра Challenge» шарасы қызметкерлер арасында ұлттық өнерге деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, ұжымдық бірлікті нығайтуға да ықпал етті.

«Ембімұнайгаз» АҚ алдағы уақытта да ұлттық мұраны дәріптеуге бағытталған мәдени-көпшілік іс-шараларды жалғастырып, қазақтың бай рухани қазынасын насихаттауға өз үлесін қоса береді. **ЕГ**

## СПОРТ КҮНІ

## МҰНАЙШЫНЫҢ МЕРГЕНДІК ЖОЛЫ

Қазіргі таңда өндірісте еңбек етіп жүріп, спортта да жоғары нәтижелерге қол жеткізетін жандар аз емес. Солардың қатарында «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Қосшағыл кен орнының жерасты қабат қысымын сақтау операторы Жанар Сәрсенғалиева да бар. Ол өзінің кәсіби қызметімен қатар спортқа деген сүйіспеншілігін жоғалтпай, әрдайым белсенді өмір салтын ұстанып келеді.



Жыл сайын тамыздың 3-ші жексенбісінде елімізде Спорт күні аталып өтеді. Осы мереке қарсаңында әріптесіміз жайында ой тебіренуді жөн санадық.

Мұнай саласы қашанда жоғары жауапкершілікті, тәртіпті және

төзімділікті талап етеді. Осындай қасиеттерді бойына сіңірген Жанар еңбек ұжымында өз ісіне адал маман ретінде танылған. Ал, спорт алаңында оның бойындағы табандылық, жеңіске деген ұмтылыс пен ерік-жігер айқын көрінеді.

Компания қызметкерлері арасында ұйымдастырылатын спартакиадалар Жанар үшін тек жарыс қана емес, өз мүмкіндігін сынайтын, әріптестермен достық қарым-қатынасты нығайтатын маңызды алаңға айналған. Ол волейбол жарыстарында команданың белді ойыншыларының бірі ретінде танылып, бірнеше мәрте үздік ойын өрнегін көрсетті. Ал, жеңіл атлетикада өзінің шапшаңдығы мен төзімділігін дәлелдеп, ұжым намысын абыроймен қорғап келеді. Сонымен қатар, үстел теннисінен де жарыстарға қатысып, талай байрақты бәсекелердің жүлдесін қанжығасына байлады.

Соңғы жылдары оның спорттағы жетістіктерінің қатарына тағы бір ерекше бағыт қосылды. Бұл – садақ ату спорты. Алғашында қызығушылық ретінде басталған бұл әуестік уақыт өте келе үлкен нәтижелерге ұласты. Жанар қысқа уақыт ішінде садақ атудың қыр-сырын меңгеріп, тұрақты жаттығудың арқасында жоғары деңгейдегі спортшылармен бәсекеге түсе бастады.

Биылғы жарыстарда ол өзінің мергендігін дәлелдеп, садақ атуда бірінші орынды жеңіп алды. Бұл жеңіс оның спортқа деген жауапкершілігі мен қажырлы еңбегінің жемісі болды. Ең бастысы, аз ғана уақыт ішінде облыстың садақ ату құрамасына қабылданып, өңір намысын қорғайтын спортшылар қатарына қосылды. Мұндай жетістікке жету үшін тек талант қана емес, үлкен еңбек пен табандылық қажет екені анық.

«Сегіз қырлы, бір сырлы» Жанар Сәрсенғалиеваның өмірлік ұстанымы – қандай істі қолға алса да, оны соңына дейін жауапкершілікпен атқару. Бұл қасиет оның еңбек жолынан да, спорттағы жетістіктерінен де анық байқалады. Әріптестері оны белсенділігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен және әрдайым жақсы нәтижеге ұмтылуымен бағалайды.

Сонымен қатар, ол – аяулы ана. Отбасындағы жылулық пен бала тәрбиесіне көңіл бөлу, өндірістегі жауапты жұмыс пен спорттық дайындықты қатар алып жүру кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Алайда Жанар осы міндеттердің барлығын үйлестіре отырып, әйел адамның мүмкіндігі шексіз екенін дәлелдеп келеді.

Мұнайшы мамандығы мен спортты қатар алып жүрген Жанар Сәрсенғалиева – бүгінде көптеген әріптестеріне үлгі. Оның жетістіктері ұжымдағы жастарды спортпен айналысуға ынталандырып, салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал етуде.

Оның жетістіктері – тек өзі еңбек ететін «Жылыоймұнайгаз» ұжымының ғана емес, бүкіл ембіліктердің ортақ мақтанышы. Алдағы уақытта да оның жаңа белестерді бағындырып, өндірістегі және спорттағы табыстары еселе-не беруіне тілектеспіз. **ЕГ**

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:  
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2026 жылғы 24 сәуірде №КЗ03VPY00147512 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166  
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

К.Әбенюв – Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Идрисов – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;

Н.Есмағамбетов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

М.Куримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Г.Қулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!



Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ



Instagram - @embamunaigas.kz



TikTok - @embamunaigas



Facebook - Ембілік Мұнайшы



You tube - «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.